



**БАЛА  
АЛДЫНДАҒЫ  
ЖАУАПКЕРШІЛІК  
БӘРИНЕН ЖОҒАРЫ**

4-бет



**КӨРІПКЕЛ**

8-бет

**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып,  
ұтысты болыңыз!  
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО  
МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ  
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**  
Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:  
«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!  
Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!  
**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ  
28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.  
Ал, іске сәт!**



# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru №35 (3566) 16 мамыр 2023

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## НЕСИЕЛЕНДІРУ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ КЕРЕК



Экономиканы несиелеу дамудың негізгі мүмкіндіктерінің бірі. Елімізде бұл бағытта оң қадамдар баршылық. Бұған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 10 наурыздағы «Экономиканың нақты секторына несие беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында отандық кәсіпкерлік субъектілері мен еліміздің халқын қолдау бағытында берген тапсырмалары ықпал етуде.

(Соңы 3-бетте)

СҰХБАТ

Дәурен АЗАМатов,  
Алматы облысы ТЖД төтенше  
жағдайлардың алдын алу  
басқарма бастығы:

### «АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА»

Көктем тірлік жасаған адам үшін қарбаласқа толы. Республиканың барлық аймағы дәл осы кезеңде селдің, көшкін жүру қатерінің алдын алып, қам жасайды. Алматы облысы да солардың қатарында. Бұл ретте, облыстағы төтенше жағдай қызметінің орны ерекше. Олар негізі жылдың қай мезгілінде болсын тосыннан келетін, кейде салғырттықтың кесірінен болатын табиғи апаттарға төтеп беруге даяр. Жалпы, облыстағы ахуал мен өңірдегі төтенше жағдай қызметінің жұмысы жайлы біз Алматы облысы Төтенше жағдай департаментінің қызметкері Дәурен АЗАМатовпен сұхбаттасқан едік.

– Дәурен Саматұлы, Алматы облысында төтенше жағдай, сел қатері, көшкін жүру қаупі секілді тосын жайттарға қандай сақтандыру амалдары жасалып жатыр?

(Соңы 6-бетте)

АЙНА

## СУДЬЯЛАР СПАРТАКИАДАСЫ - ӘРІПТЕСТЕР ЫНТЫМАҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының X спартакиадасының аймақтық іріктеу ойындары өз мәресіне жетті. Жоғарғы Сот төрағасының мақұлдауымен, Судьялар одағының Орталық кеңесі бекіткен ережеге сәйкес, биыл 11-12 мамырда өткен іріктеу ойындарында судьялар спорттың сегіз түрінен бақ сынады. Оның қатарында шағын футбол, волейбол, үлкен теннис, үстел теннисі, арқан тарту, бильярд, шахмат және дойбы ойындары бар. Алматы қаласындағы «Бағанашыл» сауықтыру спорт кешеніне республикамыздың оңтүстік өңіріндегі Алматы, Жетісу, Түркістан, Жамбыл облыстары және Алматы, Шымкент қалаларының судьялары жиналып бәсекеге түсті. Талапқа сәйкес жарысқа тек судьялар ғана қатыстырылды.



Дәстүрлі мерекелік шараны өткізу жауапкершілігі жүктелген Алматы қалалық сотының төрағасы Асқар Смайлов пен «Бағанашыл» ССК президенті, генерал-майор Павел Новиков бәсекенің бабында өтуіне барлық жағдай жасалғанын айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

**Серік Байбатыров, Дүниежүзілік Соттар Одағы Орталық комиссиясының мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері:**

– 1999 жылы Алматы қалалық сотының 30 жылдық мерейтойына орай оңтүстік астанада

волейбол, футбол, стол теннисі, бильярдтан Алматы қалалық сотының судьялары арасында спартакиада өткізуді ұсындым. Ол кезде осы соттың төрағасы едім. Сол кездегі ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Қайрат Мәми идеямды мақұлдап, шараға арнайы келіп қа-

тысты. Бастамамызға Алматы қаласының әкімі қуана келісті. Алдымен халықаралық конференция өткізіп, алғашқы спартакиадамызға Алматы облыстық соты судьялары командасын жолдастық кездесуге шақырдық. Келді. Жақсы ойын көрсетті. Нәтижесінде судьялар арасындағы кездесулерге жол ашылып, ынтымақтың алтын қазығы қағылды. Екі рет ҚР Судьялар одағының төрағасы лауазымына сайланып, сол лауазымды қызметті атқарып отырғанда судьялар спартакиадасын республика көлемінде үзіліссіз өткізіп отырдым. Басты мақсат – судьялар арасында жақсы қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмастыру болды. Күні бойы сот процестерін жүргізу, кешқұрым келесі сот процесіне дайындалу, компьютерде отыру судья денсаулығына да әсерін тигізетіні анық. Бір мезгіл спортпен айналысу, жаттығуларда әріптестерімен кездесіп, сұхбаттасу ойды да, бойды да сергітеді. Осы спартакиада негізінің дұрыс қалануына бірден-бір себепші марқұм Мақсұт Нәрікбаев еді. Сондай-ақ, Алматы қалалық сотынан судьялық қызметін бастап бірнеше облыстық соттың төрағасы, алқа төрағасы лауазымын атқарған Бақыт Мәлік, Мұхтар Смағұлов, Ерлан Айтжанов, Қалдарбек Досымбет секілді судьялар есімін құрметпен атап өткен дұрыс. Ол еңбекті бағалау болып саналады. Сол уақыт судьялар үшін жақсы бір кезең болды. Шыны керек сол кезеңде судьялардың қылмыстық іске тартылуы да аз болатын.

(Соңы 5-бетте)



# ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ ОРАСАН

Құқықтық мемлекетте негізгі басымдық отбасы институтын қорғауға, қолдауға бағытталады. Өкінішке қарай, бүгінгі күні отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық деректері жиілеп барады. Бұл өз кезегінде қоғамның қауіпсіздігіне көлеңке түсіреді. Соған орай, аталмыш мәселенің жыл өткен сайын маңызы өсіп барады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың ортаға тигізер залалы орасан. Әлімжеттік салдарынан адам өлімі орын алып, отбасы мүшелерінің кемтар болып қалған кезі көп. Ең сорақысы, бұдан отбасы бұзылады, шаңырақ шайқалады. Мұның соңы тастанды, қараусыз балалардың көбейіп, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың артуына ықпал етеді. Анасының, жақындарының таяқ жеп, қорлық көргеніне жүз болу баланың жүрегіне үлкен қарақат салады. Үйінде тыныштық жоқ, зорлық-зомбылық жиі орын алатын отбасының балалары психикалық ауытқуға ұшырап, үйінен қашатынын, оқуға, үйренуге ынтасы болмайтынын, ортамен араласуға қабілетсіз келетінін байқау қиын емес. Жақындарын зорлық-зомбылықтан, әлімжеттіктен қорғаймын деп ара түсіп жүріп қылмыскер атанып жатқан балалар қаншама? Міне, сондықтан да тұрмыстық зорлық-зомбылыққа атүсті, біржақты қарамау керек.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне сүйенсек, соңғы бес жылда отбасылық зорлық-зомбылық қылмыстары екі есе өскен. Мәселен, 2015 жылы тұрмыстық зорлық бойынша республикада 472 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелсе, 2020 жылы оның саны 1072-ге өскен. Өкінішке қарай, бұл тек құзырлы органдарда тіркелгені ғана. Оның ішінде қаншамасы сотқа жетпей жәбірленушінің арызды қайтып алуына, екі тараптың татуласуына байланысты қысқартылып жатады. Ал отбасының ішінде сыртқа шығарылмай жүрген дау-дамай қаншама? Әсіресе, қазақты тәрбие алған отбасылар әлімжеттікті жария етпеуге, отағасының абыройына нұқсан келтірмеуге тырысады. Олар осы әрекетімен ұрпағының психикалық ауытқушылыққа ұшырауына, мо-

ральдық зардап шегуіне ықпал етіп отырғанын түсінбейді.

Әрине, жанұядағы жарасымдылықтың сақталғаны, отбасының бұзылмағаны жақсы. Бірақ, отбасының берекесі үшін ешбір адам зорлыққа шыдауы, әлімжеттікке төзуі тиіс емес. Жалпы, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көретіндердің басым көпшілігін әйелдер мен балалар құрайды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 4-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың төрт түрі бар. Ол – күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрі болып жіктелген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілік мәселелері Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 10-тарауына сәйкес реттелсе, әлімжеттік көрсетушілер іс-әрекетінде қандай да бір қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болса, іс Қылмыстық кодекстің баптары бойынша сараланады. Қылмыстық кодекстің 109 (ұрып-соғу), 110 (қинау), 131 (қорлау) - баптары бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетушілерге қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген.

Сот процесінде жақындарын ұрып, соққан, қинаған, қорлаған адамдардың іс-әрекеті жиі таразыланады. Мұндай шекке жеткен отбасыларда бір-біріне деген сыйластық аз, сенімнен гөрі үрей басым. Сонда да болса жаза тағайындай отырып біз ерлі-зайыптыларды ақылға келтіруге, сыйластықты барынша сақтауға әрекет жасаймыз. Дегенмен, отбасылық әлімжеттікті азайтып, жанұя тыныштығын сақтағымыз келсе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша отбасылық-тұрмыстық саладағы зор-



Ерлан БОЛАТОВ, Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

лық-зомбылықтың алдын алу үшін жауапкершілікті қатаңдату, сондай-ақ, отбасының шырың бұзушыларды оңалту және олармен тәрбие жұмысын жүргізу бойынша кешенді іс-шаралар қолға алынуда. Бұл түйткілді шешуде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық проблемаларына, балаларды тәрбиелеу және отбасы мәртебесін көтеру мәселелеріне басымдық беру керек. Сондай-ақ, тұрмыстық қылмыстарды тіркеу тәртібін де өзгерткен дұрыс. Қазір жақынынан таяқ жеп, қорлық көрген әйелдердің көбі арыз жазудан бас тартады. Ал арыз берілмеген соң, қанша жерден қылмыс орын алса да іс қозғалмайды. Сондықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істер орын алғанда жәбірленушінің арыз-шағымынсыз-ақ қылмыстық іс қозғау мәселесін шешу керек. Бұл полицияға құқық бұзушыны жәбірленушілердің өтінішісіз, яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Осылайша, жазаның бұлтартпаушылық принципі қамтамасыз етіледі.

Алаш қайраткері Сәкен Сейфуллин: «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» деген екен. Ақиық ақынның бұл сөзі бүгінгі қоғамда да өзекті болып тұр. Тіл мерейін өсіру мақсатында Шығыс Қазақстан облыстық сотында «Мемлекеттік тіл – сот жүйесінде» деген атаумен аудандық және оған теңестірілген соттардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері арасында облыстық байқау ұйымдастырылды.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ

Шараның мақсаты – іс-қағаздарын қазақ тілінде сауатты жүргізетін қызметкерлерді анықтау, ынталандыру және олардың тәжірибесін тарату болып табылады. Байқауда Шығыс Қазақстан облысының аудандары мен қалалық соттарынан 9 мемлекеттік қызметші бақ сынады.

Жиынды ашқан Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Манат Көміршінов мемлекеттік тілдің маңызына, іс-қағаздарын қазақ тілінде сауатты жүргізудің қажеттілігіне кеңінен тоқталды.

– Тіл – ұлттың болмысын көрсететін, оны басқа халықтардан ерекшелетін ең негізгі қатынас құралы. Қай елдің болмасын, оның ең әуелі ұлықтайтын тілі – сол елдің мемлекеттік тілі. Сондықтан, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту баршамыздың абыройлы міндетіміз. Бұл байқау өзге этнос өкілдерін қазақ тілін оқып-үйренуге ынталандырып, қызығушылығын арттырады деп сенеміз, – деді Манат Ғалымұлы.

Іс-шара Өскемен қаласының № 45 орта бейіндік мектебінің «Шығыс сазы» домбырашылар ансамблінің орындауындағы «Әлқиса» және «Адай» күйімен ашылып, байқау барысы «Ертіс концерт» Мәдениет үйі әртістерінің дәстүрлі және патриоттық әндеріне жалғасты. Байқау 5 кезеңнен тұрды. Қатысушылар таныстыру, викториналық сұрақтар, мемлекеттік тілде қызметтік хат жазу, жағдаяттық тапсырмаларға жауап беру және өз өнерін көрсетуден өзара сайысқа түсті. Сонымен қатар, көрермен арасында мақалдан сайыс ұйымдастырылып, үздік деп танылған көрермен Алғыс хат және естелік сыйлықпен марапатталды.

Байқау қатысушыларының өнерін облыстық соттың қызметтегі және отставкадағы судьялары, ШҚО бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің, облыстық мәдениет басқармасының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің және облыстық лингвистикалық орталықтың өкілдері бағалап, қазылық етті.

Қазылар алқасының шешімімен 3-орынды Өскемен қалалық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы Зухра Оспанова, 2-орынды Өскемен қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы Шынар Молдаева жеңіп алса, 1-орын ШҚО кәмететке толғағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Қуанышбек Қанафинге бұйырды. Жұлдегерлер облыстық сот төрағасының атынан диплом және естелік сыйлықпен марапатталды.

Жалпы, соңғы жылдары еліміздің сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту бойынша ілкімді істер атқарылуда. Өткен жылдың аяғында Жоғарғы Сот М.Нәрікбаев атындағы университетімен бірге құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелеріне арналған республикалық конференция ұйымдастырған болатын. Биылғы жылдың басында Жоғарғы Сотта мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі дербес бөлім ашылды.

### ШҚО бойынша Сот әкімшілігі департаментінің бас маманы



Жандос ТҰРСЫН,

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ТИІМДІ

Сыбайлас жемқорлықтың зияны орасан. Кеселдің алдын алып, жемқорлыққа қарсы тегеурінді тосқауыл қойылмаса мемлекеттің алға дамуы күмәнді. Өйткені, сыбайлас жемқорлық орын алған ортада таза қоғам, өнімді еңбек, тең құқықтылық, сенім туралы айту мүмкін емес. Сондықтан да алдына үлкен міндеттер қойып, межелер белгілеген ел сыбайлас жемқорлықпен күресті ешқашан назарынан тыс қалдырмайды.

Халықаралық үкіметтік емес Transparency International ұйымы жыл сайын әлем елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру шараларына баға береді. Көпшілік мойындаған осы ұйымның көрсеткішіне сай Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қадамдары бойынша белгіленген 100 балдық межедегі 34 балға ие болған. 2007 жылы 21 балл, 2016 жылы 26 балдық межені көрсеткенімізді ескерсек, елімізде жемқорлыққа қарсы күрестің жыл сайын бір жүйеге түсіп, жанданып келе жатқанының куәсі боламыз. Бірақ, бұл көрсеткішпен тоқтап қалуға болмайды. Дания, Швеция, Сингапур секілді өркениетті елдерде жемқорлыққа қарсы шаралар 90-92 балл аралығын қамтиды. Осындай жегіқұртты түбірімен ауыздықтаған мықты елдердің тәжірибесін үйрену, жетістіктерін қайталау бізге де маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек заң қабилдаумен, құзырлы органдардың міндетін бекітумен шектелмейді. Мәселен, біздің еліміз Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше мемлекеттер арасында кеселге қарсы арнайы заң қабылдаған тұңғыш ел. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заң 1998 жылы қабылданды. Қоғам қажеттілігіне, заманның талабына сәйкес кейіннен бұл заң қайта жаңғыртылып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң деген атпен 2015 жылдан бері қолданыста. Заңның аты ғана өзгерген жоқ, мұнда жегіқұртқа қарсы күрестің әдіс-тәсілі де өзгеше сипат алған. Бұл заңда сыйбайлас жемқорлықтың себебімен күресуге емес, салдарын жоюға, кеселдің алдын алуға басымдық берілген. Осы ретте ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске барлық саланы, барша тұрғындарды тартудың тиімді болатыны ескерілген. Өйткені, жылдар бойғы қалыптасқан

тәжірибе көрсеткендей, сыбайластықты тек құзырлы органдардың көмегімен жою мүмкін емес.

Ұлттық қауіпсіздігімізді одан әрі нығайтып, күшейте түсу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүзеге асырылатын іс-қимылды мемлекеттік органдарға жүктеп қоймай, ортақ іске әр азамат өз үлесін қосуы тиіс. Оның қатарында сот құрылымы да бар. Сот – мемлекеттегі әділдіктің, теңдіктің, тура төреліктің кепілі. Сондықтан сот саласына да, судьяларға да артылар жауаптылық жоғары. Жемқорлықтың алдын алып, сот жұмысында парақорлыққа жол бермеу үшін қабылданып жатқан шаралар ауқымды. Соған орай сот қызметіне жаңа технология жетістіктері қолданылып, оның нәтижесінде ашықтық пен адалдық принциптері қамтамасыз етіліп отыр. Электрондық қызметті жолға қойғандықтан азаматтар мен сот қызметкерлері арасындағы тікелей қарым-қатынас жойылды. Бүгінде азаматтар арыз-шағымынан бастап, барлық қажетті құжатты «Сот кабинеті» арқылы жолдап, анықтамаларға да электрондық сервистер арқылы сұраныс бере алады. Сот процестері дыбыс-бейнежазу құрылғыларына жазылатындықтан, мұнда да теріс әрекет жасауға орын жоқ.

Судьялар сыбайлас жемқорлықтың залалын түсіндіріп, кеселдің алдын алу бойынша да кешенді жұмыстар жүргізіп келеді. Мемлекеттік қызметкерлер мен ел азаматтарына сыбайлас жемқорлық үшін әлеуметтік және қылмыстық жауапкершіліктің барын, салмағын түсіндіруде сот саласының үлесі зор. Халық сыбайлас жемқорлықтың зардабын ұғынып, кеселге қарсы күреске бірігуі үшін құқық бұзушылық жасаушылар міндетті түрде заңда көзделген лайықты жазасын алуы тиіс. Әрі мұндай сот процестері бұқаралық ақпарат құралдарында кең көлемде жарияланып, көпшілік назарына ұсынылуы керек. Бұл да жемқорлықтан сақтандырудың тиімді әдісі.

Дамыған елдердің тәжірибелерін зерделеу барысында көзіміз жеткен бір шындық бар, ол – жемқорлықпен бүкіл халық болып бірлесу керектенде, ұйымдастыру жұмыстары сапалы жүргізілгенде ғана оң нәтиже болады. Сондықтан сот жұмысын ұйымдастыруда да бұл мәселе үнемі ескеріледі.

С.КУСЕМБАЕВА, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Зайырлы, құқықтық мемлекетте ешкімнің мүлкін бұлдіруге, иемденуге, тартып алуға жол берілмейді. Бұл үшін Қылмыстық кодексте арнайы жазалар белгіленген. Бөтеннің мүлкіне қол сұғушылыққа байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде заңнаманы дұрыс әрі біртекті қолдану маңызды. Ең жиі кездесетін, қоғам ішінде ең көп талқыланатын тақырыптың бірі болғандықтан мұндай қылмыстарға қатысты бірыңғай жазаның қолданылуы азаматтардың сотқа, заңға деген сенімін нығайтатынын ұмытпауымыз керек.

## ҰРЛАНҒАН МҮЛІКТІҢ ҚҰНЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАНАДЫ?

Бөтеннің мүлкіне қол сұғуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде ең көп кездесетіні – ұрлық. Ұрлыққа қатысты сараптама жасағанда тауып алынған немесе кінәлі адамның қолына кездейсоқ түскен зат үшін жауаптылық белгіленбейді. Мұндай жағдай бөтен мүлкті заңсыз иемдену ретінде қарастырылмайды. Өйткені, ұрлық – бөтеннің мүлкін заңсыз жасырын иемдену. Бұл мәселені шешу кезінде соттар кінәлі адамның жағдайы қалай қабылдайтынын басшылыққа алуға тиіс. Сондай-ақ, бөтеннің мүлкін иемденуге бағытталған әрекеттердің жолы кесіліп, ұрлықтың орын алуына жол берілмеген жағдайда да кінәлі адам ұрлыққа оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылатынын ұмытпаған жөн.

Ұрлыққа қатысты мәселелерді таразылағанда заңсыз иеленген мүлктің құнын анықтаудың да айтарлықтай күрделі екенін айту өту керек. Көбінесе ұрлық жасағандар затты арзан бағаға сатып, өзге дүниеге айырбастап жатады. Өз еңбегімен таппаған соң қылмыс жасаған адам заттың қымбат, құнды екеніне көңіл ау-

дармайды. Тек осы қылмыс үшін жауаптылыққа тартылғанда ғана ісіне өкініп, ұрлаған затының құнына мән беретіндер бар. Қылмыстық құқықтық бұзушылық нысаны болған мүлктің құнын анықтау кезінде судьялар меншік иесінің затты бөлшек, нарықтық немесе комиссиялық бағамен сатып алғанын негізге алады. Мұндайда нарықтағы орташа бағаны назарда ұстау керек. Бағасы көрсетілмеген және заңсыз иемденген мүлктің құны бойынша дау туындаған жағдайда, маманның немесе сарапшының қорытындысына жүгінуге тура келеді. Осылайша заттың құны арнайы маман, сарапшының көрсетуімен нақтыланады.

Кейде кінәлі адам заңсыз иемденген мүлктің орнына құны төмен, сапасы нашар мүлкті ұсынуы мүмкін. Бұл жерде де нарық бағамы мен сарапшылар пікіріне жүгіну арқылы заттың нақты бағасын анықтауға болады.

Гауһар ШАЛАБАЕВА, Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы



# НЕСИЕЛЕНДІРУ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы нарықтық экономика жағдайында, несиелер экономиканың қажетті айналым қаражаттарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырудың бір жолы екені белгілі. Қазақстан үшін шикізаттық экономика, түпкілікті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің отандық өндірісі саласына несиелер ерекше маңызды. Бұл қажеттілікті соңғы екі жылда әлемдік экономика бастан кешірген пандемия мен ауқымды саяси катаклизмдерге байланысты дағдарыс салдары арттыра түсті. Өйткені, осы кезеңде Қазақстан экономикасы, әлемнің құрамдас бөлігі ретінде айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Сондықтан экономикалық дағдарысты еңсеру және экономиканың одан әрі дамуын ынталандыру мақсатындағы қолға алынған жұмыстардан күтерміз көп. Ең бастысы мемлекеттік және квазимемлекеттік органдардың елеулі бөлігі жұмылдырылып жатқан шараның тиімділігі іс жүзінде көрінуі керек. Бұл деген сөз өнім өндіру, қайта өңдеу салаларының өсіп, халықтың жұмыспен қамтылуы, ішкі нарықтағы отандық тауарлар көлемінің саны мен сапасының артуы, экоспорттық әлеуеттің кеңеюі, яғни тұтастай алғанда ел экономикасының қарыштап дамып, бәсекеге қабілетті болуы.

Өткен аптада Парламент Сенатының «Қаржы және бюджет» комитетінде «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту жөніндегі шаралар» деген тақырыпта өткен дөңгелек үстелде құзырлы орын басшылары келтірген мәліметтер бұған дейін тұтынушылық несиелер басымдық беріп келген банкілердің енді оларды азайтып, қаржының көбін бизнеске бағыттап жатқанын көрсетті. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың айтуынша, 2022 жылы экономикаға берілген несиелер 23,3 пайызға өсіп, 22,8 трлн теңге болса, биылғы жылдың 3 айында 1,5 пайызға артып 23,1 трлн теңгеге жетті. Сонымен қатар, 2022 жылға бизнеске берілген несиелер 13,9 пайызға көбейіп, 9,6 трлн болды. Бұл экономикаға берілген барлық несиелердің 41,4 пайызына тең болып, тұтынушылық несиелерден 34,3 пайызға артып отыр. 2022 жылы тек шағын және орта бизнеске берілген несиелер 15,2 пайызға өсіп, 6,0 трлн теңге болды. Ірі бизнеске бөлінген несиелер 11,8 пайызға көбейіп, 3,6 трлн теңгеге жеткен. Осыған орай шағын және орта бизнестің несиелер алушыларының саны артқан. 2022 жылы бұл көрсеткіш 80,9 пайызға өсіп, несиелер алушылар саны 299,5 мың болды. Барлығы 2022 жылы кәсіпкерлік субъектілеріне 12,7 трлн теңгеге жаңа несиелер берілді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 7,0 пайызға артық. Олар тұтыну несиелерінен 1,5 есе көп.

Кәсіпкерлердің кепілдік қамтамасыз ету тапшылығын ескере отырып, кредиттердің қолжетімділігін арттыру үшін банктардың кепілдік саясатына қойылатын талаптары кепілдіктің жекелеген түрлері бойынша өтімділік коэффициенттерін арттыру, сондай-ақ, қамтамасыз ету түрлерін кеңейту, оның ішінде болашақта болуы мүмкін кіріс есебінен жұмсалтылды. Сонымен қатар, операциялық шығындардың өсуі жағдайында кәсіпкерлер табысының төмендеуіне байланысты несиелері бойынша құнсыздану тәуелінің критерийлері жеңілдетілді. Бұл банктардың провизияларына жүктемені азайтып, экономиканы

несиелендіруді жалғастыруға мүмкіндік берді.

Ұлттық экономика министрі Тимур Жақсылықовтың айтуынша, несиелендіру негізінен «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайтуға бағытталып отыр. Осы тұрғыда мемлекет субсидиялайтын сыйақы мөлшерлемесінің бөлігі 13,25 пайызға теңестірілді. Бұл соңғы қарыз алушылар үшін мөлшерлемені 8 пайызға дейін төмендетеді. Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері шамамен 1 трлн-нан астам сомаға кәсіпкерлердің 3 мың жобасы субсидияланды, шамамен 160 млрд теңге сомасына 830 жоба бойынша кепілдіктер берілді. Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық әсері мына көрсеткіштерден көрінеді. Мәселен, оның аясында шамамен 5,3 трлн теңге өнім шығарылып, 410 млрд теңге салық төленді, 13 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Жалпы, бағдарламаның тиімділігін талдау қатысушылардың қолдауға бағытталған 1 теңге субсидия бюджетке салық түрінде 4 теңге түсуге ықпал ететінін көрсетіп отыр. Субсидиялаудың сараланған мөлшерлемелері белгіленді. Айталық, өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларға түпкілікті қарыз алушыға сыйақы мөлшерлемесі 8 пайыз деңгейінде өзгеріссіз сақталды, ал қалған салалар үшін сыйақы мөлшерлемесі 10 пайыз мөлшерінде айқындалды.

Экономиканы несиелеу шараларында агроөнеркәсіптік кешеннің алып отырған үлесі айтарлықтай. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Рүстем Құрмановтың айтуынша, бұл саланы несиелеу барысында басымдық көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға беріліп отыр. Осы мақсатта 140 млрд теңге қарастырылыпты. Бүгінгі таңда бағдарлама операторы – Аграрлық несиелер корпорациясы арқылы шаруалардың 133,8 млрд теңге сомасына 3288 өтінімі қаржыландырылды, бұл шамамен 2 млн га егіс алаңын жеңілдікпен несиелеуге мүмкіндік береді.

Былтыр бағдарлама бюджеті алғаш рет екі есеге ұлғайтылды, соның есебінен 4 758 шаруаларға қарыз беріліп, 5,2 млн га ауыл шаруашылығы алқаптарын жеңілдікпен несиелеуге мүмкіндік туды. Бұдан басқа, Азық-түлік корпорациясы арқылы көктемгі дала жұмыстарына тағы 73,5 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Қарап отырсақ, экономиканың нақты секторын несиелеуге шындап бетбұрыс жасалғаны аңғарылады. Тіпті, бұл салада бұрын-соңды болмаған қарқын байқалады. Бұл әрине қуанаарлық жағдай. Өйтсе де, жиында «бұл сандардың нақты тиімділігі қандай, олар қажетті нүктелерге жетіп жатыр ма, бөлінген несиелер ішкі нарыққа не береді, экспорттымызды қай бағытта арттырады?» деген сұрақтарға мардымды жауап есту қиын болды. Мұны отырыста сөз алған сенаторлар да айтып жатты. Баяндама жасаған аталмыш лауазымды тұлғалар көтерілген мәселелер бойынша сараптама жасаған соң мағлұмат береміз десті. Ал, шын мәнінде сенатор Сергей Карплюктің айтуынша, Қостанай секілді өңірлерде несиелендіру алуға кедергі аз емес. Кәсіпкерлер, әсіресе, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері арасында түсіндіру жұмыстары қажет. Олар бұл несиелермен қалай жұмыс істейтінін ұғынып, өз жоспарын тиімді құруы қажет болса, көпшілігі үшін бұл үлкен сұрақ. Осы тұрғыда тек қана агроөнеркәсіпті несиелеуге бағытталып, шопандар мен дихандар үшін ақпараттық тұрғыда да,

қаржылық тұрғыда да бір орталықтан көмек беруді жеңілдететін арнайы банкінің құрылуы көп мәселені шешер еді. Алайда, жиында көтерілген бұл мәселеге орай берілген жауаптан Қазақстанда ондай жағдайға ешқашан қолжетпейтін ұқтық. Өйткені, мұндай банк қаржы нарығында несиелендірудің шарттарын, өсімақысын жеңілдетпейтін ұқтық. Яғни, құзырлы орын өкілдері осындай байлам жасап отыр. Ауыл шаруашылығына барлық қолдау қолданыстағы бағдарламалар аясында жүзеге аса беретін болады. Егер ол бағдарламалар «тілі» ауылдағыларға түсінікті болса бұл талаппен келісуге болар еді. Өкінішке қарай, оларды насихаттап, қарапайым ауыл адамдарына қолжетімді етуге құзырлы орындағалар тарапынан ынта соншалықты емес сияқты. Олар әзірге қаржыны бөліп қана отырған жайы бар. Бұл ретте «кімнің шамасы неге келеді, қай өңірде нені дамытуға болады?» деген сауалдар ойлантуы бұлай тұрсын, ол сауал қойылмайтындай. Мұны жиынды қорытындылаған Сенаттың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежановтың сөзінен аңғардық. Ол отырыстағы құзырлы орын өкілдері жасаған баяндамаларды «жай ғана бухгалтерлік есеп» деп мәлімдеді. Сұлтанбек Алмасбекұлының айтуынша, бұл мәселе Сенатта бірнеше рет тақырыпталып, нақты ұсыныстар да берілген. Алайда, құзырлы орын өкілдері жасалған сыннан қорытынды жасауға асығар емес. Шын мәнінде несиелеуді кеңейтудің түп-төрікінде жатқан мәселе – бизнесті дамыту, халықтың тауарлар мен қызметтерге деген сұранысын қанағаттандыру. Алайда, құзырлы орындар қаржыны бере салып, оның тиімділігіне назар аудармай отыр. Негізінде қаржы барлық өңірге теңдей беріле салмай, олардың өндірістік әлеуетіне, табиғи мүмкіндігіне сай бөлінуі қажет. Себебі, бір облыста тиімділік берген жоба екінші аймаққа сай келмеуі мүмкін. Мәселен, Қостанайдың кәсіпкерлеріне қажет қаржы, Павлодардың шағын және орта бизнесіне керек емес болуы мүмкін. Бір өңірде зауыт салу қажет болса, екінші өңірде бизнесті дамыту керек болады. Қай жерде не өндіре аламыз, халықтың сұранысын қалай қанағаттандыра аламыз? Осыған орай әрбір өңірдің, әрбір саланың бизнес жоспары болуы керек. Несиелер оларға белгіленген нақты іс-шаралар негізінде берілуі керек. Кәсіпкер бұл тұрғыда түсінікті жауабын алуы тиіс. Ел мүддесіне қатысты істе тамыр-таныстыққа жол берілмей, Мемлекет басшысы міндет еткен «Естүші мемлекет» талабына сәйкес әрбір саланың, әрбір кәсіпкердің мұқтажы, тілегі тыңдалып, мүмкіндігі ескерілуі керек. Болшақта өзіміздің бизнесті дамыта алатын бағыттарымыз нақты айқындалуы керек. Өйткені, мұның артында елдің тағдыры тұр.

Төктерін айтқанда бұл отырыста үкімет мүшелеріне біраз сын естуге тура келді. Сенаторлар осы жолы да саладағы олқылықтарды жойып, дамыту бағытында қолға алу қажет деп тапқан шаралар жөнінде ұсыныстарын айтты. Алдағы уақытта солардың нәтижесі бойынша тағы бір тыңдалым өткізілетіндігін ескертті. Өз құзырының, ісінің жауапкершілігін сезінетін, қолынан іс келетін жан бұл айтылған әңгімеден бір нәтиже шығаруы керек. Мұны енді уақыт көрсетеді. Біз өз тарапымыздан бұл шараның барысын назарға алатын боламыз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»



## ЖОЛ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Жоба аясында Түркістан облысы, Сарыағаш ауданында жол мәселесі өте маңызды. Бүгінде аудан тұрғындары тарапынан бірнеше жылдан бергі өзекті мәселеге айналған республикалық маңызы бар А-15 автомобиль жолын жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аудан әкімі Арман Абдуллаев аталған жолға арнайы барып, жөндеу жұмыстарымен танысты.

Жоспар бойынша А-15 автомобиль жолының 197-220 шақырымдары аралығында жалпы ұзындығы 23 шақырымын жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Аудан басшысы нысанды аралау барысында жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан мердігер мекемесіне

және тиісті бөлім басшысына жолдың сапасын жөндеу біткен соң емес кемшіліктерді алдын ала анықтап, жою керектігін ескертті.

Қазіргі таңда «ӘлемТрансстрой» ЖШС-і мердігер мекемесі тарапынан бірінші қабат асфальт жамылғысын төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жөндеу жұмыстарын биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға салынған жолдың сапасы да жоғары болады деген үміттеміз. Себебі, көлікпен жүретін жүргізушілерді жылда жөндеу жұмыстары әбірге салуда.

Раушан НАРБЕК,  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## ҚАЗҰУ - ЖАҢА ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Орта Азия мен Қазақстанның рейтингінде көш бастап келе жатқан қазақ білімінің қара шаңырағы. Алғаш 1934 жылы қаланған, кәсіптік білім берудің стандарттарына негізделген білімнің қайнар көзі болды.



Тәуелсіздік алмай тұрып қалыптасқан білім ордасы өз кезеңдерінде даму мен өркендеуді қатар жүргізді. ҚазҰУ өзінің білім сапасымен ғана емес, әр түрлі бағыттарымен де көзге ерекше түсетін оқу орны. Алматының көркем бейнесін одан әрі толықтырған, сәніне сән қосқан ғылым мен білімнің қатар ұштасқан мекені. Сонау батыс пен шығысты, солтүстік пен оңтүстіктің сен тұр мен атайын дейтін сәйіп қырандарының басын бір ордаға тоғыстыра алған Қазақ білімінің қара шаңырағы, һәм түп негізі.

Жетістіктері мен қазақ біліміне қосқан негізгі үлестеріне бір сәт тоқтап, көз жүгіртпей өтсек қате қылғанымыз болар. QS World University Rankings рейтингінде ҚазҰУ Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда 16-орынды иеленді. Бұл Қазақстандағы алғашқы және әзірге жалғыз университет. ҚазҰУ Орталық Азияның университеттерінің арасында оқ бойы озық екенін дәлелдейтін тағы бір мысал QS Graduate Employability Rankings, яғни, түлектерін жұмысқа орналастыру нәтижесі бойынша 550 университет арасында

да 201 орында тұруы ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже.

ҚазҰУ білім салаларының әртараптығымен әлемге әйгілі. Заманауи тілдерді үйретуде 51-орынмен көзге түссе, математика мен лингвистика салаларында 101 және 301-орындарға иелік етеді. Бұрын посткеңестік елдер ішінде Ломоносов атындағы университет пен ҚазҰУ ғана әлемдік рейтингке енген. Демек ҚазҰУ Орта Азияда теңдессіз, ТМД-да бетке ұстар, Еуропалық білім стандарттарына сәйкес келетін, Еуропа алыптарымен бір қатарда деңгейлес бола алатын аты әлемге мәшһүр оқу орны.

И.ДЖУМАБЕКОВА,  
А.АКАШОВА,  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дің оқытушылары



# АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Жақында, Бас прокуратурада Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста жұмыстың нәтижелері, жекелеген істер бойынша тыйым салынған мүлікті қабылдау тетіктері, сондай-ақ, параллел қаржылық тергеп-тексерулер жүргізу туралы мәселе қаралды.

Құқық қорғау органдарына қаражатты жылыстату белгілерімен табыс алуға байланысты істер бойынша тиімді параллелді тергеп-тексерулер ұйымдастыру тапсырылды. Бұл негізгі қылмыс бойынша мән-жайларды анықтаумен қатар мүлікті заңсыз шығару, қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру фактілерін анықтауға мүмкіндік береді. Комиссия қылмыстық істер бойынша залалды өтеу кезінде мемлекет мүдделерін сақтау, төрелік және өзге де тәуекелдерді есепке алу қажеттігін көрсетті.

Бас прокурор Асыллов Комиссия мүшелерінің алдында ел Президентінің активтерді қайтару жөніндегі тапсырмасын сапалы орындаудың ерекше маңыздылығын атап өтті. Бұл ретте тергеп-тексерулер мен тексерістер орбитасына адал бизнесті тартуға жол берілмейтініне назар аударылды. Тұтастай алғанда, бүгінгі таңда мемлекетке ортақ күш-жігермен 760 млрд теңгеден астам сомаға активтер қайтарылды, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 млн доллар. Қайтару шаралары комиссияның барлық мүшелерімен және тартылған мем-



лекеттік органдармен қабылданады. Жоғарғы Сот бұрын негізсіз олигополия субъектілерінің пайдасына шығарылған шешімдерге Бас прокурордың 24 наразылығын қанағаттандырды.

Мысалы, Алматы ауыр машина жасау зауытының 31% акциясын жекешелендіруді заңсыз деп тану туралы сот шешімі қабылданды.

Басқа жағдайда Жоғарғы Соттың қаулысы астаналық «Думан» қонақ үй кешенінің иелерінен 1,3 млрд теңге өндіріп алуға мүмкіндік берді.

Бұдан басқа, соттар заңсыз сатылған мемлекеттік мүлікті қайтару жөніндегі ондаған талаптарды қанағаттандырды.

Олардың ішінде өндірістік нысандар, базарлар, коммерциялық үй-жайлар, элиталық учаскелер және т.б. бар.

Мәселен, сот шешімі бойынша АМӨЗ меншігіне Атырау қаласындағы Сұйытылған мұнай газды сақтау паркінің 50% үлесі қайтарылды.

Құқық қорғау органдары қылмыстық істер шеңберінде жалпы сомасы 620 млрд теңгеге активтерді қайтаруды қамтамасыз етті, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 млн доллар.

Басқа мемлекеттерге құқықтық көмек көрсету туралы 100-ден астам сұрау хат жолданды. Олар бойынша 100 млн АҚШ долларынан асатын мүлікке тыйым салынды.

Қаржы министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтарының (ҚӨТ) кәсіпорындарынан қосымша 100 млрд теңгеден астам салық өндіріп алды.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі ҚӨТ компанияларына 7 млрд теңгеге жуық айыппұл салды, ал БҚДА 4 млрд теңгеге санкциялар қолданды.

Прокурорлардың шараларымен олигополия субъектілеріне бұрын негізсіз берілген немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын 460 мың гектардан астам жер қайтарылды.

Сондай-ақ, нарықтық бағасынан 4 есе төмен бағамен сатып алынған Алматының көтерме сауда нарығындағы үлесі, олигополия субъектілерінің меншігінде заңсыз болған Алматы әуежайының 17 коммерциялық үй-жайлары мемлекетке қайтарылды.

Шетелде мүлікті анықтау мақсатында шетелдік әріптестермен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды. Сәуір айында Швейцарияда Қазақстанның Бас прокуратурасы мен Базель басқару институты арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Осы институттың құрамына кіретін Активтерді қайтару жөніндегі халықаралық орталық (ICAR) – әлемдегі ең ірі орталықтардың бірі.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. комиссия қызметі аясындағы шаралар кешені экономикалық ресурстар тар шеңбердегі тұлғалардың қолында шоғырлануды тоқтатқанға дейін және адал бәсекелестік пайда болғанға дейін қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Мемлекеттік тілді меңгеру – кез келген Қазақстан азаматының міндеті. Мемлекеттік тілде сөйлеу, жазу, оның шұрайлы тілін, қуатты күшін жете меңгеру – біздің парызымыз. Ұлы жазушы Шыңғыс Айтматов ана тілі туралы былай деген екен: «Халықтың мәңгі ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін ұлы». Біз үшін қазақ тілі – ұлы.

# ҒАСЫРЛАР ӨЗЕГІ

Әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіруде ел экономикасымен қатар, әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде мемлекеттік тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлуіміз керек. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы мен дербес, тәуелсіз мемлекет болуының басты негізі – оның ана тілі. Мемлекеттік тілдің басты қызметтері ретінде оқу тілі, оқыту тілі, ғылым тілі, іс-қағаздар тілі, газет-журналдар тілі, театр тілі, әдебиет тілі, ауызекі сөйлеу тілі, т.б. тілдерді айтуға болады.

Тіл – халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын, шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы. Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі.

Мемлекеттік тілдің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – оның жаңа әлеуметтік – мәдени болмысты бейнелеудегі мүмкіндіктерін кеңейтудің қажеттілігі болып отыр. Халық тәуелсіздігінің басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ұлттық тіл және тәуелсіздік – бірбірімен мазмұндас, мақсаттас ұғымдар.

Тәуелсіздік ұлттық қасиетті қадірлеуден, дәріптеуден басталса керек. Өз қадір-қасиетін білмеген

ұлт басқа ұлттарға да, ұлыстарға да қадірсіз. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде ғана елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» – деген болатын. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы бойына емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық беріледі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл екендігіне ешқандай да дау тумаса керек. Бұл тілде сөйлейтін қазақ халқы осынау сахара, сардалада көнезаманнан бері өмір сүріп, тіршілік жасап, осы тілмен өмірлік қатынасып келеді. Ана тілі халқымыздың қоғамдағы қатынас тілі болып қана қойған жоқ, сонымен бірге, жан семіртер жан азығына айналды.

Абай, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, т.б. ұлт зиялылары осынау тілдің болашағы үшін, өздерінің жалынды өмірлерін осы тілге арнады. Ана тілін жанындай сүйе білді.

З.РАЙМХАНОВА, Өскемен қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы

# БАЛА АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Қазақстанда ана мен бала мемлекет қамқорлығында. Олардың барлық құқығы, қызығушылықтары заңмен қорғалған. Мемлекет кез келген қазақстандық баланың алаңсыз, бақытты ғұмыр кешуі үшін әртүрлі бағдарламалар, әлеуметтік жәрдемақылар мен құқықтық, рухани, әлеуметтік маңызды делінетін көмектердің барлығын қарастырған.

Мемлекет тарапынан осындай көмектер жасалып жатқанымен, өкінішке қарай, отбасының негізгі қазығы саналатын ата-ана тарапынан мұндай қамқорлық, жанашырлықтар кей жағдайларда болмай жатады. Отбасын құру ол жай ғана екі адамның қосылуы емес. Ол ең алдымен өздерінің, ата-ана мен болашақ өмірге келетін балаларының алдындағы жауапкершілік. Қазіргі таңда осы жауапкершіліктен жалтаратындар саны артты. Бір кездегі бала жауапкершілігін бәрінен жоғары қоятын ата дәстүр де бізден бүгін алыстағандай.

ҚР Отбасы институттары зерттеу орталықтарының мәліметінше, қазақстандық борышкерлер саны 221 884 адамды құрайды. Оның арасында кәмелетке толмаған балаларын асырауға міндеттелген алимент төлеушілер есебі 215 587.

Неке және отбасы кодексі бұл ретте әрине, бірінші орынға бала мүддесі мен құқығын алға шығарады. Егер ерлі-зайыптының жұбайлық өмірі жараспай, орта жолда бұзылып



Айдана МАМБЕТКАЗИЕВА, Ақтөбе қалалық сотының судьясы

жатқан жағдайлар болса, онда ең алдымен оларға заң алимент мөлшері және оны төлеу тәртібін таны-

стырады. Одағы бұзылып жатқан ерлі-зайыптылар неке шарты немесе медиация аясында келісім жасай алады.

«Егер тараптар келісімге келмесе, онда заң бойынша бір балаға ата-анасының табысынан немесе өзге табысынан 25 пайыз немесе төрттен бірі, екі балаға шамамен 33,3 пайызы немесе табысының үштен бірі, үш және одан да көп балаға 50 пайыз», делінген хабарламада. Қазақстанда алимент сомасы отбасындағы бала санына қарай тағайындалады. Ата-ана ажырасқан жағдайда, балаларға тәрбие-білім беру, асырау және алимент төлеу мәселесін сотқа жеткізбей-ақ өзара шешуге құқылы, делінген ҚР Әділет министрлігінің ақпаратында.

«Неке және отбасы» кодексі қағидаттарының бірі, балалардың құқығы мен мүддесін қорғау екенін сөз басында айттық. Осы ретте «кодекстің 138-бабына сәйкес, ата-ана кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Ата-аналар ажырасқан жағдайда кәмелетке толмаған балаларына тәрбие-білім беру, асырау және алимент төлеу бойынша өзара келісім жасасуға құқылы делінген министрлік құжатында. Алайда, бүгінгі ер-азаматтар осы жауапкершіліктен қашып, сотқа әртүрлі жалған құжат, жалған анықтамалар алып келеді. Ол мін-

детті түрде заң шеңберінде анықталып, тексерілгенімен, өз баласынан тапқанын аял қырат қашатын ер азаматтарға қарап қарның ашады. Біз мұндай жауапкершілігі аз азаматтармен сот барысында жиі ұшырасамыз.

Сонымен алимент кімдерге төленеді: кәмелетке толмаған балаларға; кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға; ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне; кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына беріледі.

Ажырасушылар арасындағы кәмелетке толмаған балаларға төленетін алимент мөлшері осы заңдылықтар шеңберінде жүзеге асады, әрі ол екі тарапты келісім аясында есептеледі. Егер бір тарап бұл келісімге қол қоймаса оны сот орындаушысы өзіне мемлекет берген құзырет аясында есептеп, алимент төлеуді талап етеді. Тараптардың бірі бұл істі сот арқылы мәжбүрлеп төлеттіре алады. 2022 жылғы мәлімет бойынша, алименттің ең төменгі мөлшері бір балаға – 15 мың теңге. Бұл елдегі ең төменгі жалақының төрттен бір бөлігі. Бұл мөлшер екі балаға үштен бір, үш немесе одан көп балаға айлық табыстың жартысы көлемінде есептеледі.

Алименттің қандай табыстардан ұсталатыны, оны төлеудің келісім-

шарты қалай құралатыны, алиментті қандай жағдайда қысқартуға болатыны Неке және отбасы кодексі аясында анық көрсетілген. Көп ретте, бүгінгі таңда ер-азаматтар өзінің атын жалғайтын ұрпағының алдындағы осы жауапкершіліктен қашып жүр. Сол себепті, баламен қалған тарап балаға тиесілі үлесті алиментті сот арқылы өндіріп алуға мәжбүр. Көп жағдайда балалармен қалатын әйелдер қауымы. Олар сотқа қалай жүгініп, қалай арыз жазудың ретін білмей жатады. Осы ретте, заң бойынша перзентіне алимент өндіріп алуға ниетті тарап ері немесе зайыбының тіркелу орны бойынша міндетті түрде сотқа талап арызбен жүгіну қажет.

Сотқа алименттерді төлетуге талап арызды немесе сот бұйрығын шығару туралы арызды беру үшін мынадай құжаттар қажет: Алимент өндіру туралы талап арыз немесе сот бұйрығын шығару туралы арыз, сондай-ақ жауапкер үшін оның көшірмесі; Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі; Талаптар негізделетін жағдайларды растайтын құжаттар: неке туралы куәлік (некені бұзу туралы куәлік), баланың туу туралы куәлігі, әкелікті анықтау туралы куәлік және нақты жағдайға байланысты басқалары.

Баладан бас тартқан ата-ана да, ата-аналық құқығынан айырылған тұлға да алименттен жалтарып кете алмайды. Себебі, баланың толыққанды азамат ретінде өзіне тиесілі қаражатқа өсіп, дамуына қақысы бар. Мемлекет әрбір баланың мүддесін қорғайды. Сондықтан да, ата-ана осы жауапкершілікті, міндетті парызды ұмытпағаны жөн.



# СУДЬЯЛАР СПАРТАКИАДАСЫ – ӘРІПТЕСТЕР ЫНТЫМАҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазір үй қамаққа отырғызғандай қысып, тіпті телефондары тыңдалып жатса да судьяларды қандай да бір жауапкершілікке тартып жатады. Бұл мәселені тиісті орындарда қозғап, басшыларға да айтқанмын. Шектеу артық. Судья жұмыста – судья. Оның да туған-туысы, дос-жараны бар адам екенін ескерген ләзім. Сондықтан судьялар спартакиадасын үзіліссіз өткізіп отыруды қуана құптаймын. Ағымдағы жылдың 7-8 қыркүйегінде киелі Түркістанда өтетін республикалық судьялар спартакиадасына арнаулы шақырту алдым. Құдай қаласа, барамын. Ескі таныстарыммен қауышып, емен-жарқын әңгімелесіп бір серпіліп қайтуды ойлап жүрмін.

**Тұрысбек МЫЯТБЕКОВ,**  
Түркістан облыстық сотының төрағасы:

– Судьялар спартакиадасын Ал-



**Нұржан ҚАРАБАЕВ,**  
Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы:

– Спартакиаданы Алматы облыстық сотының футбол командасында ойнаудан бастадым. Сол кездегі төраға Мейрамбек Таймерденов спортқа, әсіресе, футболға ерекше назар аударатын. Таңертең Қаратал өзенін жағалап серуендеп, кешқұрым футбол алаңында кездесетінбіз. Футбол ойнау ережесін бұзбай үзіліссіз дайындалатынбыз. Нәтижесінде футболдан чемпион кубогін жеңіп алғанбыз. Сол дәстүрмен Алматы қалалық судьяларымен тез түсінісіп, мықты команда құрдық. Міне, биыл аймақтық спартакиадада футболдан Алматы қалалық сотының командасы бірінші орынды жеңіп алдық. Енді республикалық додада бағымызды да, бабымызды да сынаймыз.

**Бақытжан НИЯЗОВ,**  
Алматы облыстық сотының судьясы:

– Панфилов аудандық сотында судья лауазымын атқарып жүргенімде Алматы облыстық сотының төрағасы Серік Байбатыров шақырып, спорттың бірнеше түрінен додаға салды. Бала күнімнен доп қуалап өскендіктен сан сынақтан мүдірмей өтіп, команда құрамына



маты қалалық сотының төрағасы лауазымын сол жылдары атқарған Серік Байбатыровпен бірге ең алғаш бастаған едік. Алғашқыда аймақтық, сосын республикалық деңгейде өткізілген спартакиадаларда басында дұрыс ойын көрсете алатын командалар жоқ еді. Бүгін командалардың сайысқа сақадай-сай келгені байқалып тұр. Алматы облысының судьялары волейболдан өте жақсы ойнайды. Футболдан Алматы қаласының командасы күнделікті жаттығатындарын айқын байқатты. Бейімделген. Мұны судьялардың спорттағы бір жетістігі деп бағалаған дұрыс. Спорт баспен жұмыс істейтін өнер. Бос секіре бергеніңізден түк шықпайды. Миды істету керек. Құдайға тәубә, спортқа бейім әріптестеріміздің қатары көбейген үстіне көбеюде. Мұны дұрыс бағалап, спартакиаданы жалғастыру қажет. Республикалық судьялар спартакиадасы биыл Түркістан облысында өтеді. Сол игі шараға дұрыстап дайындаламыз. Кезінде Алматы қаласының волейбол, футбол командаларында ойнағанмын. Чемпиондық тұғырдан түспейтінбіз. Қазір жасым 62-ге келді. Құдай қаласа, қыркүйекте команда сапында тұрып, ойнаймын.

**Асқар СМАЙЛОВ,**  
Алматы қалалық сотының төрағасы:

– Жоғарғы Соттың мақұлдап, қолдауымен дәстүрлі спартакиадамыз бүгінде жаңғырды. Енді қай команда мықты болса, сол жеңіске жетеді. Спартакиада Қазақстанның түкпір-түкпірінде – Атырауда, Қостанайда, Қарағандыда, Алматыда өтіп жатыр. Енді бас бәйгені додаға салатын республикалық финал Түркістан қаласында қыркүйек айында өткізіледі. Бұл спартакиаданың ерекшелігі сол, жарысқа тек судьялар қатыстырылады. Сот жүйесіндегі мемлекеттік қызметкерлерді қатыстырмадық. Біздің Алматы қалалық соты жақсы дайындықпен келдік. Күнделікті жаттығуларда өзіндік ерекшеліктерімен суырылып шыққан судьяларды іріктендік. Таяуда Алматы облыстық футбол командасымен жолдастық кездесу өткіздік. Сол ойында жіберген қателіктерді түзедік. Нәтижесінде футбол командасының капитаны Нұржан Қарабаев бастаған, Нариман Бекназаров, Бауыржан Лесбаев, Досбол Ақетаев, Эрнар Қарибаев, Сержан Байболов, Марат Нұрбеков, Қуаныш Арипов, Алмас Омаров, Канат Утеубаев сынды футболистеріміз бірінші орынды жеңіп алды.

Волейбол командасы 2-орында. Осы волейбол ойынында шеберлігімен ерекшеленген Медеу аудандық сотының судьясы Әсел Әбішеваның есімін ерекше атап өткен жөн.

**Теміржан ҚУДАБАЕВ,**  
Алматы қаласы Наурызбай аудандық сотының судьясы:

– Республикалық судьялар спартакиадасы 2003 жылы басталды. 2002–2016 жылдары Алматы облысында спортшы судьяларды бастаған капитанымыз Бақытжан Ниязов еді. Спартакиадамыз алғашқы төрт жылда үзіліссіз өтетін. Кейін екі жылда бір рет өтетін болды. Соңғы рет 2018 жылы ұйымдастырылып еді, биыл қайта жаңғырды. Арамызда кәсіби спортшы жоқ. Барлығы судьялар. 2003 жылы Алматы облыстық сотының төрағасы Серік Байбатыров өзі волейболды керемет ойнайтындықтан, волейбол командасын құрады. Кәсіби жаттықтырушыларды спорт залына арнайы алып келіп жаттығатынбыз. Нәтижесінде жеті рет волейболдан республика чемпионы атандық. Спартакиаданың жақсылығы сол – бүгін республикамыздың оңтүстік өңіріндегі алты команда жиналды. Солар танысады, араласады. Бұл судьялар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, нығайтады. Ойын деген аты болмаса, спартакиада адами сыйластықтың бір себепшісіне айналады.

**Қалдарбек ДОСЫМБЕТ,**  
Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы:

– Дәстүрлі шарамыз пандемия салдарынан бірер жыл өткізілмей қалып, биыл қайта жаңғырылды. Бүгінгі таңда республикамыздың төрт аймағында іріктеу жарысы өткізілуде. Спорттың сегіз түрінен бірінші орынды жеңіп алған командалар мен жекелеген спортшы судьялар ағымдағы жылдың 7-8 қыркүйегінде Түркістанда өтетін республикалық спартакиадаға қатысады. Ерекше айтарым – сот жүйесінде ғана емес, барлық сала бойынша Қазақстан спортын дамыту керек.



Спорт денсаулық кепілі болуымен қатар, адами құндылықты арттырып, өмір сүру белсенділігіне жақсы әсерін тигізеді. Халық қажеттілігін өтейді.

Негізі судьялар спартакиадасы Алматы облысы мен қаласынан бастау алды. Сондықтан Алматы облыстық сотын судьялар спартакиадасының отаны деп айта аламыз. Кезінде Серік Кәтенұлы волейболды керемет ойнап, команда құрап, әріптестерге үлгі көрсете білді. Бұл үлгі судьялар спартакиадасының үзілмеуіне себепші болды. Сайысқа облыстық сот төрағалары, алқа төрағалары міндетті түрде қатысуы керек. Ол елімізде спортты дамытуға өзіндік ықпалын тигізеді. Басшыларға қарап жас судьялар спортқа көңіл бөледі.

алындым. Әріптестерім команда капитаны етіп сайлап, сенім артты. Сенімдеріне селкеу түсірмей, үзіліссіз жаттығулардан жалықпай талап қоя білгендіктен волейболдан аймақтық жарыста бірінші орынды жеңіп алдық. Осылайша Түркістанда өтетін республикалық спартакиадаға жолдама алдық. Алпысты алқымда-сам да спортшы судьялардың көшін бастап, бала күнімде аттарын естігенде елеңдеп отыратын бүгінгі ардагер футболистердің қатарында жүргеніме тәуба. Бірде доп ойнап жүріп шеміршегімді сындырып алғанымда мектептегі мұғалімім «доп қуалаған тозады» деп кейіген еді. Сол ұстазыма айтарым – спорт мені биіктерге көтерді. Ал, судьялар спартакиадасының жөні бөлек, керемет!

ТҮЙІН

**Судьялар одағының аймақтық іріктеу спартакиадасында футболдан Алматы қаласының командасы – 1 орын, волейболдан және арқан тартудан Алматы облысының командалары бірінші орынды жеңіп алса, шахматтан Алматы облыстық сотының төрағасы Еліс Әбдіқадыров – бірінші орын, дойбыдан Алматы қаласы әкімшілік сотының судьясы Ұлан Қажықен – бірінші орын, стол теннисінен 1-орынды Жамбыл облысы Шу аудандық сотының төрағасы Марлен Тілеубеков иеленді, ал, үлкен теннистен 1-орын Алматы қалалық сотының судьясы Мақсат Қасымовқа бұйырса, бильярдтан Шымкент қаласының судьясы Талғат Қахаров жеңіске жетті.**

**Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,**  
«Заң газеті»

## ЖҮЙРІКТЕР ШЫҚТЫ ЖАРЫСҚА

Атырау қаласының «Жайық» мәдени-спорт кешенінде судьялар спартакиадасының іріктеу жарысы өтіп, оған батыс өңіріндегі бес облыстың, 200-ге жуық судьясы қатысты. Ақтөбе, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Атырау облыстық соттарының командалары сайыста өзара бақ сынады.

Спартакиаданың салтанатты рәсіміне Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов пен облыстың мемлекеттік және құқық қорғау органдарының бірінші басшылары қатысты. Сондай-ақ, Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов, Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы Рүстем Мырзақерім, Маңғыстау

облыстық сотының төрағасы Бек Әметов, Қызылорда облыстық сотының төрағасы Әділхадиди Шығамбаев қатысты. Екі күндік жарыс нәтижесінде шағын футбол бойынша 1-орын Ақтөбе облысының командасына бұйырды. Волейболдан 1-орынды иеленген Маңғыстау облысының командасы арқан тартудан да алдына жан салмады. Ал бильярдтан 2-орынды Маңғыстау

облыстық сотының төрағасы Бек Әметов алса, 1-орын – Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұловқа бұйырды. Үлкен теннис бойынша 3-орынды – Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Бекжанов, 2-орынды – Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Исатай Смагов, ал 1-орынды – Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Ербол Бекенов иеленді.

Үстел теннисінде Ақтөбе қаласы мамандандырылған



тергеу сотының судьясы Асхат Абдиров үздік деп таныл-

ды. Сондай-ақ, шахматтан 1-орынды Батыс Қазақстан

облыстық сотының судьясы Физатолла Қырықбаев қанжығасына байлады. Дойбы ойынында Батыс Қазақстан облысы Бәйретек аудандық №2 сотының төрағасы Бахытгүл Жәңгірова 1-орынға лайық деп танылды. Осылайша жалпы командалық есеп бойынша 3-орын – Қызылорда облысының командасына, 2-орын – Маңғыстау облысының командасына, 1-орын – Ақтөбе облысының командасына берілді. Командалық біріншіліктің қорытындысы бойынша салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтіп, онда жеңімпаздарға ҚР Судьялар одағының медальдары мен дипломдары табысталды.

**Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі**



**Дәурен АЗАМАТОВ,**  
Алматы облысы ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу басқарма бастығы:

## «АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА»



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Республиканың барлық облыстары секілді біздің облыстағы жағдай да қатаң бақылануда. Алайда «апат айтып келмейді». Мемлекеттің төтенше жағдай қызметі бәріне дайын тұру керек. Апаттың алдын алу, қауіпті азайтатын шаралар қабылдау, тосын жағдай орын ала қалған жағдайда құтқару, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді бүкіл міндетті қалтқысыз орындау – әрбір төтенше жағдай қызметіндегі азаматтың парызы, абыройлы міндеті.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Алматы облысында – 192 жерде көшкін қауіп бар, 57 сел қауіп бар учаскелер және 285 мореналық (мұздық) көлдер бар. Қарапайым халық олардың көбін біле бермейді, сондықтан оларды да таныстыра кетейін. Облыстағы сел қауіп бар өзендер – Баянқол, Текес, Қарқара, Шелек, Түрген, Есік, Қайназар, Талғар, Ақсай, Қаскелең, Ұзынқарғалы. Бұл қауіп көлді аймақтарда да бар. Сел қауіп бар делінетін өңірдегі көлдер Қайыңды және Көлсай. Өздеріңізге белгілі бұл туристер

көп келетін Қазақстандағы ең әдемі жерлердің бірі. Халықаралық әрі республикалық маңызы зор туристік аймақ. Сондықтан аталмыш жерлердің бәрінде төтенше жағдайлықтар тынымсыз еңбек етеді.

**– Алматы облысының біраз бөлігі таулы бөктерлерге орналасқан. Бүгінде күннің жылынуына қатысты осындай жерлерде көшкін жүру қатері бар ма?**

– Облыста елді мекендерге, саяжай бөліктеріне және демалыс аймақтарына жақын орналасқан 192 көшкін қауіп бар учаскелер бар (Талғар ауданында – 47 учаске, Еңбекшіқазақ ауданында – 31 учаске, Қарасай ауданында – 102 учаске, Райымбек ауданында – 1 учаске, Кеген ауданында – 11 учаске). Бұл учаскелер 370-тен астам адам тұратын 127-ден астам нысандар мен үй құрылыстарына қауіп төндіреді.

2022–2023 жылдардағы көшкін ММ ИАТЭТО және аудандардың ТЖБ мамандары 95 жер үсті нысанына 11 комиссиялық тексеру жүргізді, оның шеңберінде кәсіпорындардың, ұйымдардың, жеке үйлердің иелеріне 226 халықаралық және ұсынымдар жіберіліп, 292 брошюра мен жадынамалар берілді. Ескерту қалқаны орнатылды.

**– Биыл көшкін жағдайының неше дерегі тіркелді?**

– Облыс аумағында топырақ құлауының 3 жағдайы тіркелді, құрбандар мен зардап шеккендер жоқ. Мысалы, 27.02.2023 жылы Баянауыл көшесі №10 және №12 мекенжайы бойынша Талғар ауданы Бурабай коттедж қа-

лашығының аумағында бұрын құрылыс үшін кесілген тау баурайынан жалпы көлемі шамамен 360 текше метр топырақ құлады. 15.03.2023 жылы Еңбекшіқазақ ауданы Азат ауылынан жоғары қабырғалардың жанында топырақ құлады. Көлемі – 375 текше метр.

2023 жылы 16 наурыз күні Талғар ауданы, Бесағаш ауылының Бурабай тау баурайының жотасынан топырақ құлады. Көлемі – 30 текше метр. Осындай келеңсіздіктерден кейін аудан әкімдігі қауіпті учаскеде тексеру жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі таңда топырақ құлаған Бесағаш ауылының Бурабай тау баурайын нығайту мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілуде. Көшкін жағдайы жіті бақылануда.

**– Селге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша атқарылған жұмыстар бар ма?**

– Алматы облысы аумағында елді мекендерге жақын жерде 57 сел қауіп жоғары учаске бар. Сел қауіп бар аймақта 4 мыңға жуық адам тұратын 1000-нан астам нысан бар.

Қазіргі уақытта морена көлдері қысқы режимде, таулардағы сел жағдайы тұрақты. Гидрометеорологиялық ахуалға күнделікті мониторингті «Қазселденқорғау» ММ ИАТЭТО гидропосттары жүзеге асырады, өзен арналары бойынша ахуал тұрақты.

Ағымдағы жылы облысты дамыту жоспары шеңберінде сел қауіп бар өзендерді түзету және жағалауды нығайту бойынша 3 іс-шара жоспарланып отыр.

**Бота ЖАҚАЙ,  
Аяжан ҚУАНЫШОВА**



## «ТІЛ ҮЙРЕНУ ҮЛКЕН ІЗДЕНІСТІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ»

Игенова Алмагүл Ақмашқызы тілді дамыту саласында елеулі еңбек сіңіріп жүрген білікті маман. Бірнеше ғылыми-әдістемелік оқулықтың, «Тілашар» тележобасы мен ютуб каналындағы бағдарлама авторы. Қазақ тілін үйрету бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте, көптеген жетістіктерге жетіп жүрген тіл жанашыры өз тәжірибесімен бөлісті.

Тіл оқыту жұмыстарын біріздендіру мақсатында «Сарырақа-2» оқу-әдістемелік кешені әзірленді. Оқу құралы, жұмыс дәптері, аудиодискімен тұрады. Оқу-әдістемелік кешен республика бойынша 300 өнімнің ішінде үздік деп танылып Тіл саясаты комитетінің қолдауымен 5000 данамен тегін таратылды.



– Тіл үйрену, оның ішінде ересектерге тіл үйрету (андрагогика) үлкен ізденісті, жауапкершілікті қажет етеді. Ересектерге тіл үйретуде кез келген әдіс тәсіл, оқу-құралы сәйкес келе бермейді. Мысалы балабақша балаларына ойын түрінде, түрлі-түсті сурет, анимация қолданамыз. Ал, мектеп оқушылары мен студенттерді мұғалімдер республика бойынша бір-ақ бағдарлама, дайын стандартпен оқытады. Ересектерге келетін болсақ, ересек тіл үйренуші өзіне не керек екенін біледі, қажет десеңіз әдістемені де, уақытты да өзі таңдап алу мүмкіндігі бар. Осы ретте, Қарағанды облысында тіл оқыту жұмыстарын біріздендіру мақсатында әзірленген «Сарырақа-2» оқу-әдістемелік кешені оқыту процесінде қолданылады. Әдістемелік кешенге сұраныс жоғары. Бесдеңгейлік оқу-әдістемелік кешен дыбыстық құралымен республика бойынша үздік деп танылды және Тіл саясаты комитетінің қолдауымен 5000 данасы тегін таратылды.

Ересек тұрғындармен жұмыс істейтін болғандықтан біздің мамандарға талап жоғары. Оқытушылардың 70 пайызы магистрлер, ҚАЗТЕСТ бойынша Жоғары С1 деңгейінде біліктіліктерін 5 жылда бір рет растап отырады, тұрақты түрде Назарбаев университетінде біліктіліктерін арттырады. Халықаралық қазақ тілі қоғамының мүшесі. Соңғы үш жыл қатарынан орталық оқытушылары Ахмет Байтұрсынұлы атындағы республикалық «Үздік оқытушы» байқауында бас жүлде иеленді.

2018 жылдан бастап Қарағандыда басқармалар тарапынан онлайн оқыту курстары ұйымдастырылуда. Алғашқы жылы 45 адам (басшылық құрам) оқыса, 2019 жылы 72 адамға мемлекеттік тілді оқыту курсы онлайн ұйымдастырылды. Яғни, Қарағанды облысы ересектерге тіл үйретуде республика бойынша қашықтан оқытуды бірінші болып бастады. 2019 жылдың қараша айында «Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік кешен және цифрлық оқыту мүмкіндіктерін пайдалану» атты республикалық әдістемелік семинарда қашықтан оқыту бойынша тәжірибемізбен бөлістік.

2020 жылы республика бойынша барлық 104 тіл оқыту орталықтарының ішінде үздік болып, Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығының мамандары дайындаған заман талабына сай тіл үйренушілерге арналған «Латын әліпбиі негізіндегі емлені бекітуге арналған» жұмыс дәптері, заманауи QR-кодталған «Диктанттар мен мазмұндамалар» жинағы аудиодискісімен, QR-кодпен түрлі комикстермен «Тіл үйренушілерге арналған кеспе карточкалар» жарық көрді және бұл әдістемелік өнімдер Мәдениет министрлігінің қолдауымен республика бойынша тегін таратылды.

Сонымен қатар, тіл оқытуда әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылады. Орталықтың арнайы ютуб каналында грамматиканы түсіндіруге арналған 24 сағат сабақтар топтамасы, сөздік қорды байытуға арналған шағын жағдаяттық бейнероликтер, подкасттар топтамасы әзірленген.

Қарағанды облыстық сотының тапсырысымен кәсіби салаға бағыттап сот жүйесінің қызметкерлеріне арналған үшдеңгейлік оқулықтың А1 қарапайым, А2-базалық В1 орта деңгейінің оқулықтары дыбыстық құралмен жарық көрді, республикалық деңгейде тұсаукесері болды және оң бағасын алып, республика бойынша сұраныстар түсіп жатыр. Бұл оқу құралы республика бойынша баламасы жоқ оқу құралы. Себебі кәсіби салаға бағыттап орта (В1) деңгейден бастап оқытылу керек деген пікір бар. Бұл оқу құралды қарапайым деңгейден бастап іс қағаз жаза білуге дейін жетелеп апарды.

Соңғы үшінші жыл қатарынан ірі сауда үйлерінде қазақ тілі кабинеттері ашылып, сауда саласының қызметкерлеріне арналған қысқа мерзімді курстары ұйымдастырылуда. Сауда саласы, банк саласы, медицина, нотариус салаларына арналған оқу құралдары жарық көрді және осы салалардың қызметкерлері оқыту курстарынан өтуде.

Сенбі күндері ересектерге арналған тегін «Тіл – сұхбат» сөйлесу клубы жұмыс істейді.

**Ж.ҚҰРМАНБАЙ**

## СЫБАЙЛАСТЫҚ ЕЛ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ

Мемлекет басшысы бірнеше рет сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өткен болатын. Расында да, елімізде жемқорлықпен күрес жұмыстары жыл сайын жетілдіріліп, уақыт сұранысына сай заңдар да қабылданауда. Заң үстемдігі орнап, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін де ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек екенін ұғынған еліміздің саясатының жемісін көріп те келеміз. Жемқорлар ұсталып, жемқорлықтың жолы кесіліп жазалануда.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе бет келуде» деген болатын. Сондықтан жемқорлықтың тамырына түбегейлі балта шабу үшін әлі де жұмыстар жалғасуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасы бекітіліп,

ол арқылы жасалынып жатқан жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланып жатыр. Соңғы жылдары жемқорлықпен күрес нәтижесінде Қазақстан беделді халықаралық ГРЕКО ұйымына, яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына мүше болды. Нормативтік актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу институтының жұмысы жаңғырды. Қол астындағылардың жемқорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді.

Мемлекетіміздің осы бағытта қолға алған шараларын белгілі халықаралық агенттіктер атап өтуде. Еліміздің кез келген өңірінен сыбайлас жемқорлықпен қылмыс жасап, мемлекет мүлкін таллан-таражға салып немесе мемлекеттік қызметті асыра пайдаланғандардың қыл-

мысы ашылып жатыр. Жемқорлық заң бұзу фактілерін хабарлаған, немесе қандайда болмасын басқа әдіспен жемқорлықпен күресуге үлесін қосқан тұлғалар материалдық ынталандырылатын болды. Сондай-ақ, заң бойынша, жемқорлық құқық бұзушылықты хабарлаған және басқа да жолмен жемқорлықпен күресте ат салысқан тұлға мемлекет қорғауында болады.

Бұл елімізде жемқорлықпен күрес мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың бір бөлігі ғана. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру.

**Жанат ӘБЕНОВА,  
Әуезов аудандық сотының  
төрағасы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**



**МИНДЕТ**

# ХАТШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖАУАПТЫ

**Сот жұмысын қамтамасыз етуде сот отырысының хатшысына жүктелген міндет ауқымды. Себебі, әрбір процессті дұрыс ұйымдастыру хатшыдан ұқыптылықты, жауаптылықты талап етеді.**

Ең алдымен хатшы ел заңнамалары шеңберінде қызмет етеді. Хатшының күнделікті қарбалас жұмысы сырт көзге байқала қоймайды. Бірақ, сот тылында атқарылатын сансыз қызметіне үңілген жан хатшының сот жұмысының күретаымы екеніне көз жеткізер еді.

Сот отырысының хатшысы мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтайды; өзіне заңмен белгіленген шектеулерді қабылдайды; заңнамамен белгіленген қызмет әдебінің нормаларын сақтайды. Сонымен бірге, жоғары лауазымды адамдардың өз құзыреттері шегінде шығарған бұйрықтарын, өкімдерін, шешімдерін орындап, мемлекеттік және заңмен қорғалатын құпияларды сақтауға міндеттенеді. Тіпті, мемлекеттік қызметтен кеткеннен кейін де хатшы сот отырысында белгілі болған құпияларды жария етпеуге тиіс. Бұған қоса, азамат-

тардың жеке өміріне қатысты, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтау да сот хатшысының парызы. Төрелік алаңында қызмет ететіндіктен сот хатшысына кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру маңызды.

Сот процесінде дайындық жүргізген кезде хатшының жауаптылығы бұрынғыдан жоғарылай түседі. Судьялардың өндірісіндегі істерді басты сот талқылауына тағайындау кезінде хатшы іс жүргізуге қатысты қатысушылар мен куәларді шақыруға; қаралатын істер тізімін жасауға; сот отырысына шақыртылған адамдардың келгенін тексеруге тиіс. Бұдан бөлек, хатшы сот отырысының хаттамасын жүргізіп, құжаттың электронды нұсқасын тиісті бағдарламаға енгізеді. Тез арада орындалуы тиіс үкімдер, заңды күшіне енген сот актілері бойынша атқару құжаттарын жазып орындауға жі-

беру де хатшының құзырында. Сондай-ақ, апелляциялық, жеке шағым, прокурордың наразылығымен түскен істерді жоғары тұрған соттарға жіберу, процеске қатысушыларға ол жөнінде хабарлау; аяқталған азаматтық істерді уақытында кеңсеге тапсыру да сот хатшысының күнделікті қызметіне кіреді.

Осындай маңызды міндет жүктелген хатшылардың құқығын қорғау заңдық тұрғыда шешілген. Соған сүйеніп хатшылардың қызметіне, жұмыс сапасына, тәжірибесіне қарай ынталандырылып, еңбегіне ақы төлеуді талап етуі заңды. Сондай-ақ, мамандардың тиісті бюджет есебінен даярлықтан өтуіне, мемлекеттік қызметке қатысты материалдармен кедергісіз танысуына, біліктілігі мен қабілетіне қарай қызметте жоғарылауына толық мүмкіндік бар.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін дербес жауап береді. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот отырысының хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңға сәйкес жауап береді. Осының бәрі сот отырысы хатшыларының қызметі өте ауыр әрі жауапты екенін аңғартса керек.

**А.ШАЯХМЕТОВА,**  
**Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**

## ӘДЕБИ БАЙҚАУ!

Көрнекті қазақ жазушысы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ҚР Ұлттық кітапханасы «Заң газетімен» бірлесіп, жастар арасында «Қазіргі детектив жанрындағы шығарма» әдеби байқауын жариялайды. Байқау детектив жанрында шығарма жазуға қабілетті республика жастары (жоғары сынып оқушылары мен студенттер) арасында өткізіледі.

### БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ:

Қатысушылар келесі мәліметтерді: толық аты-жөнін (төлқұжатының көшірмесімен бірге), ұялы байланыс нөмірін, электронды поштасының мекенжайын ұсынуға тиіс.

Байқауға жіберілетін шығармалар детектив жанрының табиғатына сай болуы керек.

Бір автор бірнеше шығармасын ұсына алады, оларды іріктеп алу ұйымдастырушылар құзырына кіреді.

### МӘТІНГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

мәтін Microsoft Word нұсқасында терілуі тиіс, қарпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, шет-шетінен – 2 см, көлемі –10 беттен аспауы тиіс.

Белгіленген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген және байқаудың талабына сай келмейтін, сондай-ақ, «Антиплагиат» жүйесінде авторлыққа тексерістен өткізілмеген шығармалардың байқауға қатысуына жол берілмейді.

22 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында үміткерлер шығармаларын қазылар алқасы іріктейді.

Байқау қорытындысы 2023 жылғы 8 қыркүйекте жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық конференция аясында жарияланады.

**Байқауға ұсынылатын шығармалар электронды нұсқада 2023 жылдың 20 сәуірі мен 21 тамыз аралығында қазақ және орыс тілінде org.nbgk@mail.ru электрондықта бойынша қабылданады.**

**ТҮЙТКІЛ**

**Адам құқықтары бұзылуының ең қауіптісі – адам саудасы. Адам саудасы – әрбір адамның заңда бекітілген жеке құқығын ескерместен, оларға зорлық-зомбылық көрсету, азапты, қиын жұмыстарға еріксіз жегу, адамдық бостандығын аяққа таптау арқылы көрініс табады.**

Сарапшылардың пайымдауынша, адам саудасы есірткі мен қару-жарақ саудасынан кейін үшінші орынға ие. Көбінесе адам саудасына ұшырайтындар әйелдер мен кәмелетке толмағандар. Осындай қоғам қасіреті біздің елімізде де кең етек жайған. Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне қарағанда, Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, осыған байланысты біздің елімізге жұмыс

## АДАМ САУДАСЫ – АУЫР ҚЫЛМЫС

іздеп келушілер де, оларды жұмысқа тартушылар да көп. Осының нәтижесінде жұмыс іздеп келушілер алдау-арбау, еліктіру, сату сияқты өрескел құқық бұзушылықтың құрбанына айналуға.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда Қылмыстық кодекстің 128-бабында көзделген, яғни «адам саудасы» бойынша жылына 100-ге жуық қылмыстық іс қозғалады. Қылмыстық кодекстің 116-бабында «Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою», 125-бапта «Адамды ұрлау», 128-бап бойынша «Адам саудасы», 135-бапта «Кәмелетке толмағандар саудасы», 308-бапта «Жезөкшелікпен айналысуға

тарту», 309-бапта «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық» секілді заң бұзушылықтар жасаған адамдардың қылмыстық жауапкершілікке тартылатын көрсетілген.

Қазіргі таңда елімізде адам саудасы мәселесін реттеу шаралары жүргізіліп отыр. Алайда әлі де нәтиже аз. Бұндай құбылыстың кеңінен таралуына бірнеше себеп ықпал етеді. Біріншіден, адамның сауатсыздығы; екіншіден, адамдарды бейхабарлығы немесе аңқаулығы; үшіншіден, шет елдерде табысы жоғары жұмысқа орналасу, білім алу үшін шақырылған жұмыстар мен ұсыныстарға

ықтиярсыз сеніп, алдануы. Бұндай себептердің алдын алу және олардың туындауына жол бермеу – жүргізілетін шаралардың ең негізгісі. Кәмелетке толмағандар арасындағы ақпараттық бағдарламалардың рөлі ерекше, себебі алданып, сеніп қалушылардың басым бөлігі кәмелетке толмағандар. Сондықтан, мектеп оқушылары мен студенттерге осы мәселеге қатысты озық тәжірибелерді тарата отырып, семинар, дәріс, сабақ өткізуді жиілету қажет.

**Еркебұлан НАУРЫЗХАН,**  
**Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы**

## ЖАРНАМА

### ӘРТҮРЛІ

#### 3. Безгек ауруының алдын алу және табиғи ошақта дезинсекциялық іс-шаралардың жүргізілуі

Безгек – науқас адамнан сау адамға трансмиссивті механизммен берілетін антропонозды инфекциялық ауру. Инфекция көзі ауру адам және тасымалдаушы масалар болып табылады. Ол – тропикалық елдерде кеңінен таралған індет. Ауырған адамда жалпы әлсіздік, дене қызуының қайта-қайта көтерілуі, қалтырау байқалады. Ас қорыту, жүйке жүйесі және басқа да ағзалардың жұмысы бұзылып, асқынған жағдайда өлімге соқтыруы мүмкін.

Безгек ауруының алдын алу мақсатында табиғи ошақтарда жылдың көктем-жаз айларында Түркістан облысының Жетісай, Мақтаарал, Шардара, Сауран аудандары бойынша жалпы қойлайсыз 17 елді мекендерінде профилактикалық және эпидемияға қарсы ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының мамандары анофелогенді су айдындарында дезинсекциялық өңдеу жұмыстарын жүргізеді.

Сондай-ақ, безгек ауруының алдын алу шараларының бірі – масалардың шағуынан қорғану.

**Б.К. Кабулова, А.С. Кулмурзаева, Е.Н. Қосанов**  
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК**  
**«Түркістан облысы бойынша**  
**дезинфекция орталығы» филиалының**  
**дезинфекциялық сектор мамандары**

6. «Береке» микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 030540007159, «Береке» микроқаржы ұйымы» АҚ болып қайта құрылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің шағымдары мен талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 8 ұй.

8. Осымен «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» акционерлік қоғамы (БСН 940840000767, Қазақстан, 040706, Алматы облысы, Іле ауданы, Казик ауылы, Өндірістік аймақ, 15-учаске, тел.: +77017279128, 8(727)2994384, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2023 жылғы 5 мамырда Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, келесі шешімдер қабылданғанын хабарлайды:  
1. Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 наурыздағы шешімімен көтерілген күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға болмайды, атап айтқанда: 1) Жарғыны жаңа редакцияда бекіту; 2) Алдыңғы Директорлар кеңесінің өкілеттілігін тоқтату; 3) Жаңа Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау; 4) Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау; 5) Директорлар кеңесі құрамын сайлау; 6) Атқарушы органды тағайындау; 7) Атқарушы органның өкілеттік мерзімін айқындау; 8) Ішкі аудит қызметі мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату.

9. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық арнайы экономикалық сотының 2023 жылғы 18 сәуірдегі анықтамасымен КазГерСтрой БК ЖШС оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. БСН 040540005719, мекенжайы: Астана қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119, тел.: 87775747253.

### МҰРАГЕРЛІК

2. 07.11.2022 ж. қайтыс болған Әбдіхалық Пернебек Сапарбекұлы артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда олысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

### ТАРАТУ

4. «Кен Жайлау Инс» өндірістік кооператив, БСН 100440019174, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Мұнайлы көшесі, 27-2. Тел.: 87051050203.

5. «Индустриенлаген-Бетрибсгезелльшафт мБХ (Industrieanlagen-Betriebsgesellschaft mbH)» тұрақты мекемесі, БСН 140650021998, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 188, 802 кеңсе.

7. «СЗЦ «Іле Company» ЖШС, БСН 220540023973, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 040700, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 98, тел.: +7701300003.

10. «Meta-Systems» ЖШС БСН 220540029229, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Түргенев көшесі, 64Б үй, 18 пәтер.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73  
www.gazetisaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.  
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Өділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawk\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке бй көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



**БАЙҚАУҒА**

Баянауыл баурайындағы бұлттар көз ұшында бұлдырап, төрткүл төңіректі тұмшалап тұрған таңғы мұнар қырат-қырқаның төбесінде қалқып барып, бұға айналып тұнық ауаға сіңіп жатты. Мың сан сәуле шапағын шашып көтеріле берген күн апта бойы сарсылып, қылмыскерлерді таппай жүрген полиция қызметкерлерінің жүзіне де жылы шырай кіргізген еді.

Астанадан, облыс орталығынан келген тәжірибелі тергеушілер мен із кесушілер, криминалистер Найзатас пен Кемертастың тұсына келгенде еріксіз таңырқасты. Осында келе жатқандағы табиғат сұлулығы тіл айтып жеткізгісіз еді. Бір бұрышта бір бүйірін жел-құз мүжіген таңғажайып тас тұр. Сүйірлеу келіп иілген сол алып тастың етегіне шағын көлшік пайда болыпты. Мынадай әсемдікті ертегілер елінен де табуыңыз қиын. Апта бойы көңігі күдіктіні таба алмай сарсылған тәртіп сақшылары көлшік суына түсіп, айналадағы ажарлы көріністерге сүйсіне қарап бір сергіп қалды. Одан әргі жол Торайғыр, Жасыбай, Сабынды көлдеріне ұласты. Сүргін жүрістен сақшылар сергімесе шаршайтын түрі көрінбейді. Сырлы сапар жалғаса түскенін қалайды.

Бірақ, алда өте күрделі де жауапты іс күтіп тұр еді.

– Жақсы серуеннің соңында жақсы нәтиже де болуы керек. Осымен бүгінгі демалысты қорытындылайық, – деді кең иықты, ұзын бойлы қараторы кісі.

Иығындағы әскери шенін айғақтайтын жұлдыздар оның осы топтың басшысы екенін айтқызыбай-ақ ұқтырып тұр еді. Оқалы жаға, алтын погонды кісі – Астанадан арнайы келген аса маңызды істерді жедел іздестіру басқармасының белді қызметкері. Қалың қабақ, сүңгі сес бағыныштыларын бір уыс етіп кеше оқыс жадыраған. Осындай ғажап өлкеге өзінің де табаны алғаш тиіп отырғандықтан сұлу табиғатты тамашалағысы келді ме, әлде жігіттерді ширатып алғысы келген болар бір күнді демалысқа арнаған. Енді, міне, сол дәмді демалыс аяқталып келеді. Уақыт шіркін зырылдап қалай өтіп кеткен десеңші. Алда оларды күрмеуі қиын түйінді шешу міндеті күтіп тұрды.

Шалғай аудандағы ішкі істер бөлімінде өте ауыр қылмыс орын алған еді. Әлдебір күдікті түн жамылып келіп кезекші офицерлерді, қатардағы полиция қызметкерлерін өлтіріп, қоймадағы автомат, пистолет, тағы басқа да қаруларды сыпырып кеткен. Мұны кім жасауы мүмкін? Әрине, қандықол қарақшының ісі. Бұған ол алдын ала мұқият дайындалған. Соңына ешқандай із қалдырмай кетуі соны айғақтайды.

Із кесушілер әбден сарсаңға түсті. Қылмыстық топ мұншама қару-жарақты не істемек? Оны қандай мақсатқа жұмсамақ? Қаруларды сату үшін ұрлады ма? Әлде террорлық мақсатқа пайдаланбақ па? Қай-қайсысы болса да бүкіл облысқа салмағы ауыр тигелі тұр. Бұл үшін Астанадғылар жергілікті ішкі істер басқармасындағылардың басынан сипамайды. Әсіресе, төңкеріс, терроризм мақсатында қаруды пайдаланса, талай адамның иығындағы алтын погон сыпырылып түсіп, өздері темір торға камалуы да мүмкін. Басқа-басқа емес, тәртіп сақшыларына шабуыл жасау, оларды өлтіріп кету, қаруларды алып кету үлкен, кешірілмейтін қылмыс. Сондықтан осы қылмысты ашу үшін Астанадан бастап облысқа дейінгі шенділер өре түрегелген.

Беті домбығып ісінген қараторы бастықтың бүгін қабағы түйюлі. Кез келген сөзге бұрқ етіп ашуланып шыға келеді. Сондықтан шені төмен-

гілер оның ығын ала сөйлейді, көзіне түспеуге тырысады.

Бақтияр Тоқмолдаев кәсіби дағдысы бойынша төңіректі тікте қарап, айналасының аңдысын аңлап бақты. Оқиға болған түні бөлімнен кеш қайтқандарды, кезекшілермен хабарласып тұруға міндеттілерді қанша сөзге тартқанмен, олардан көңіл көншітетіндей жауап табылмаған. Қас қылғанда «көрдім, білдім» деген бір адам табылмайшы. Жіптің ұшы қолға ілінбеген соң Бақтияр Спанұлы түнермегенде қайтеді?

Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, полиция полковнигі Серік Әлібайұлы әскери тәртіп бойынша қолын шекесіне апарып, сәлемдесу ырымынан соң өзінше түйін жасап:

– Бақтияр Спанович, маңайға шолғыншы жіберсек қайтеді? – деп тапқырлық танытқысы келіп еді генерал-майор:

– Отставить! – деп тыйып тастады.

Серік Әлібайұлы өз қарамағындағыларға қатаң талапшыл бастық. Әріптестері одан ығып жүреді. Со-

– Қазір полицияға өкпелі емес кім бар дейсіз, – деді аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Жандар Керімұлы.

– Әрине, – деп қоштады Сабыр Қожатайұлы, – полицияға наразылар көп. Өйткені, сіздер дұрыс жұмыс істемейсіздер. Халықпен санасуды ұмыттыңыздар. Сіздерге алдыға келгеннің бәрі қылмыскер көрінеді. Сосын олар сіздерден қашып жүреді.

Полковниктің бұл сөзіне аудандық ішкі істер бөлімінің бастығынан бастап барлығы намыстанып қалды.

Сабыр Қожатайұлы сұрастыра келсе, таяуда ғана қатардағы бір полиция қызметкері жұмысынан босатылған болып шықты.

– Сол сержантпен сөйлесіп көрсек қайтеді? – деді Сабыр Сабеков астаналық бастықтан.

– Қайдағыны қайдан шығардыңыз, Сабыр Қожатаевич, – «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» дегенді естімеп пе едіңіз? – деп Бақтияр Спанұлы оған ожырая қарады.

Сонда да Сабыр таяуда ғана қызметтен босаған сержантпен сөйлескісі келді. Кім білген, бір ілік табылып қалар.

Мұқибек Мұратұлы айналасына

– Кірісеміз.  
– Неден бастаймыз?  
Мұқибек мүдірді. Қипақтағанына қарап полковник оның бірдеңе айтқысы келіп тұрғанын сезді.

– Полковник мырза. Қарудың қай жерде жасырулы жатқанын бөлімдегілер әзірге білмей-ақ қойсын!

– Келістік.  
Полковник Сабыр Сабеков пен бұрынғы сержант Мұқибек Мұратұлы бір көлікке мініп, ауылдан шығып бара жатты.

– Сіз білесіз бе, осы полковник қиялилау адам сияқты, – деді Бақтияр Спанұлы олардың соңынан қарап тұрып Серік Әлібайұлына.

– Маған да солай көрінді. Біз генерал сіз бастап, полковник мен қоштап, қылмыскерді таба алмай жүрміз. Ол қайдағы бір сержантқа арқа сүйейді, – деді Серік.

Мұны тыңдап тұрғандар қыран-топан күлкіге қарық болды.

Ауылдан біраз жер ұзаған соң Мұқибек көлікті жолдан шығарып, қыратқа қарай жүруді сұранды. Әлдебір жерге келгенде:

– Осы тұсқа тоқтаңыз, – деп полковникке қарады.

Жерге түскен Мұқибек «осы маңда болуы керек» деп иығын

қалай барды? Оны жан азабына түсірген қандай жағдай? Сырт қарағанда сержанттан психологиялық ауытқу байқалмайды. Өйтсе де оның күрделі күйзеліске түскенін көңігі полковник іштей ұғынып тұрды.

Сұрастыра келсе, Мұқибек Мұратұлының керім келіншегі, Алланың берген екі-үш ұл-қызы бар екен. Ертең сотталып кетсе, оларға кім қарайды? Осыларды ойлап полковник түні бойы көз ілмей шықты.

Дегенмен, кінәлі адам жазасын алу керек. Ертісіне ол бөлімге тұнжырап келді. Қылмыскерді алыстан іздеп жүрген топ мүшелері оның салбыраңқы жүзіне, кіртіген көзіне мән беріп те жатпады. Тағы да іздестіру шараларының жаңа жобасын жасап, барлық жол бойына тосқауыл қою керек деген ұйғарымды талқылап жатқан еді.

– Тосқауыл қоюдың қажеті шамалы. Қылмыскер табандарыңыздың астында тұр. Сіздер оны көрмейсіздер, – деді Сабыр.

– Айдалаға барып жүрген мына кісіні жын иектеп кеткен-ау, шамасы, – деп қалды генерал-майор.

Шені жоғарылар шық еткізіп дыбыс шығарса да жарбаңдап күле беретін әдетіміз бар ғой, бұл жолы да жиналғандар күлкіге қарық болып қалды.

– Иә, күліңіздер. Әбден күліп алыңыздар. Бірақ, қылмыскер алыста емес, көз алдарыңызда жүр, – деді ұлттық қауіпсіздік қызметінің полковнигі.

Жиналғандар оған енді таңырқай қарасты.

– Қызметтен босатқан сержант Мұқибек Мұратұлын алдырыңыз. Қылмыскерді сол тауып береді, – деді Сабыр.

Жә дескен із кесушілер, мен дескен тергеушілер таба алмаған қылмыскерді жұмысынан босап қалған сандалбай сержант тауып бермек пе? Бұл өте күлкілі болып көрінді. Сонда да іздестіру тобының Мұқибекті осында алдырғаннан басқа амалы қалмады.

Өткендегі жолмен келген із кесушілер мен тергеушілер Мұқибектің көрсетуімен екі жерге тығылған қаруларды тапты. Бір-екі пистолет пен автомат кезекшілер отырған бөлменің еденінің астында жатыр екен. Қарудың барлығын көтеріп кете алмаған қылмыскер еденнің оңсыз да босап тұрған тақтайын көтеріп жіберіп, қаруды қуыста қалдырып кетіпті.

– Сенің көріпкелдігіңе күмәнім қалмады. Енді қылмыскерді көрсетші, – деді Сабыр «көріпкелге» қарап.

Мұқибек мелшиіп тұрып қалды. – Міне, операция осымен бітті, – деді Сабыр Қожатайұлы сыртқа шығып бара жатып.

Оның шарасыздықтан көздері бақырайып отырған Мұқибекті көргісі келмеді.

Сыртта ол аудандық ішкі істер бөлімінің бастығымен ұшырасып қалды. «Адамға сонша азап беруге бола ма екен? Оның да отбасы, туған-туысы, дос-жарандары бар ғой. Солардың беттеріне қарай алмай қалған сержант жан күйзелісінде осындай әрекетке барғанын қалай түсінбейсіңдер?» деген сөз полковниктің жанарында айқын көрініп тұр еді.

Подполковник бүгежектеп төмен қарады.

«Қылмыскердің алдын бөгедің орнына, оларды өзіміз жасап аламыз кейде. Ойланбай асығыс шешім жасағандар осылай артық қыламын деп тыртық қылып алып жатады» деген ой Сабыр Қожатайұлының көкейінен көпке дейін кетпей қойды.

Сол күні ауа райы бұзылған. Шығыстан шаңдатып жел көтеріліп, соңы суық жаңбырға ұласты.

Жылы кабинада келе жатса да полковниктің өн бойы тоназыды...

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ**

**КӨРІСКЕЛ**



ның өзін бір ауыз сөзбен тыйып тастаған соң өзге төменгі шенділер жұмған аузын ашқан жоқ. Әншейінде Бақтияр Спанұлы да өзін мақтағанды, өзінен біреу ақыл сұрағанды ұнатуды еді. Күні бойы шекесі шибарқыттынып тұрған соң ба бұл жолы шарт кетті.

Мұндайда сөзбұйдалыққа салына бермей, қылмойын фужерлерге ақкөбік шампан құю тиімдірек. Соны білетін көмекші аққайнар ашып, фужерлерге жағалай құя бастады. Көбігі секіріп ойнап тұрған шампанның қышқылтым иісі қымыздай ұнап барады. Бақтияр Спанұлы ал-кел жоқ фужерді көтеріп, тастап жіберді. Осыдан соң сәл жадырағандай болды. Басқалар да «бәсе, осылай болу керек еді ғой» дегендей, уф деп демалысты.

Қырық қабат құрсауды қанша жерден құрса да қылмыскерлер жердің түбіне түсіп кеткендей ұстап-пай-ақ қойды. Ал, жоғарыдағылар «қалайда тез табыңдар» деп күн сайын төбені ойып, тығыз тапсырма беруден танар емес.

Осы тұста іздестірушілер тобына облыстық тергеу комитеті тараған соң ұлттық қауіпсіздік комитеті бастығының бірінші орынбасары Сабыр Қожатайұлы да келіп қосылған еді. Мән-жайға қаныққан Сабыр Сабеков аудандық ішкі істер бөліміндегілерден:

– Сіздерге өкпелеп жүргендер бар ма еді? – деп сұраған.

аса мұқият қарайтын адам болып көрінеді. Қияқ мұртты, қыр мұрынды сұлуша жігіт. Полициядағы қызметтен босап қалғанына өкінетін секілді.

Сұрастыра келгенде Мұқибектің қызметтен кетуіне болмашы ғана кінәсі себеп болған. Мұндайда оған қатаң сөгіс беріп, сынақ мерзімімен жұмысында қалдыруға да болатын еді. Бірақ, подполковник өзгелерге сабақ болу үшін оны жазалағысы келген.

– Атқарып жүрген қызметіңе қайта оралғың келе ме? – деп сұрап көрді Сабыр одан.

Мұқибектің көзі жайнап кетті.

– Әрине!

– Онда бізге көмектессең қайтеді?

– Қалай?

– Мына қылмысты ашуға көмектессең, мен сенің бұрынғы қызметіңе қайта оралуыңа жәрдем беремін.

– Распа, жолдас полковник!

– Уәде – Құдайдың аты!

– Ендеше, мен ертең келейін.

– Келістік.

Ол кеткен соң полковник ұзақ ойға шомды. Мұқибектің бір білгені бар ма? Әлде жұмысқа қайта орналастырамын деген соң тәуекелге бел буды ма? Сабыр неде болса ертеңді күтпек болды.

– Иә, қалай? Жақсы демалдың ба? Іске кірісеміз бе? – деп сұрады полковник өзіне келіп тұрған Мұқибекпен сәлемдескен соң.

қушытып, көзін жұмып, қолдарын сермеп «жебеушісінен» жәрдем сұрап тұрды да бір бұтақтың түбіне отыра кетті.

Полковник бұтақ түбінде жаңадан қазылған жердің топырағы қопсып жатқанын байқады. Екеулеп қазғанда шүберекке ораулы екі автомат шықты.

– Қалғандары қайда? – деп сұрады Сабыр.

– Полковник, бүгінгі аян бойынша көрсеткендері осы ғана. Қалғанын ертең көрерміз, – деді Мұқибек.

Сабыр Қожатайұлы табылған екі автоматты тап бүгін ізшілдерге алып баруға болмайтынын түсінді. Сөйтіп, екеулеп екі автоматты қайта орнына жасырды да топырақ үстіне бұта үйіп кетті.

Ертісіне екеуі басқа бағыт бойынша сапар шекті. Мұқибек мұнда да қаруды мұқият тыққан екен.

– Осымен барлық қару түгелделді ме? – деп сұрады одан Сабыр.

– Жоқ, полковник мырза! Ендігі бір бөлігі сол полиция бөлімінің еденінің астында жатыр.

– Оны қайдан білесің?

– Аталарым аян берді емес пе?

Сабыр Қожатайұлы сезікті сержантты мұндай ауыр қылмысқа қимтады. Қалбаң қағып жүруі, жәу-теңдеп қарауы бойындағы бір шарасыздықты танытты. Өзі де әбден жүдеп кетіпті. Көзі шүңірейіп, жақ еттері сүйегіне ілініп тұр.

Ол мұндай кешірілмес күнәға

**ЗАҢ газеті**  
Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**  
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zankreklamaastana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5610 дана**  
**Апталық таралым 11 220 дана**  
Тапсырыс №69 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31